

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ

Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті
2022-2023 оқу жылындағы Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты
бойынша академиялық комитет Кеңесінің №3а кезектен тыс мәжілісінің хаттамасы

Шымкент қаласы
Бас ғимарат 205 аудитория

15.12.2022ж
сағ 10-00

Қатысқандар: Төрайымы- Жолымбекова Л.Д.
Хатшы- Дәулетбай С.

1. Жалпы дәрігерлік тәжірибе №1 кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., Кулаев К.Т.
 2. Педиатрия кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Тоқбергенова С.М.
 3. Акушерлік-гинекология кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Бегімбекова М.Л.
 4. Хирургия, анестезиология және реанимация кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Муканова А.У.
 5. Неврология, психиатрия және наркология кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Абасова Г.Б.
 6. Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Аманбаева Б.Қ.
 7. ЖДП 2 кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.д., доцент Дауреханов А.М.
 8. Арнайы хирургиялық пәндер кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к. Калдыгозова Г.Е.
 9. Жұқпалы аурулар және фтизиатрия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Утепбергенова Г.А.
 10. Профилактикалық медицина және стоматология кафедрасының меңгерушісі, магистр Газизова К.Г.
 11. Білімгерлер өкілі Аннаоразов И.А.
- Қатыспағандар:** жұмыс беруші өкілдер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар.

1. Модератор: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев.
Тақырыбы: 1. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу. БББ әзірлеу. Университет түлектерінің атрибуттарын әзірлеу.

АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ЕРЕЖЕСІ:

- 4.2 АК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері:
 - 4.2.1 Жаңа немесе инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
 - 4.2.2 Қолданыстағы ББ жаңарту және бағдарламалық аккредиттеу, постмониторг процедураларынан өткізу мақсатында өзіндік бағалау жүргізеді.
 - 4.2.6 Өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АК және кафедра меңгерушілері нақты іс-шаралар жоспарлап, жүргізеді:
 - ББ бағдарламалық аккредиттеу немесе постмониторинг поцедураларын өткізуге, Реестрде жаңартуға әзірлейді;
 - ББ түлегі моделінің айқын көрінісін (оқыту нәтижелерін), оларды қалыптастыратын модульдердің (пәндердің) мазмұнын анықтайды, жаңартады.

Университетте БББ басқару жүйесі

1. БББ әзірлеу
2. БББ сараптау, Реестрге ендіру, рәсімдеу, бекіту
3. БББ ресурстармен қамсыздандыру
4. БББ іске асыру
5. ББ сапасын қамсыздандыру жүйелерін құру
6. ББ тұрақты жетілдіру, жаңарту.

Білім беру бағдарламаларын ұйымдастырудағы реформалар

1. Оқу бағдарламаларын қайта қарастыру басым жүргізілетін үрдіс болып табылады, бірақ ол аралас мақсаттарды да көздейді: Жоғары білім беруге ниеттестік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін көп деңгейлі оқу бағдарламалары енгізіледі. Олар ұсынылатын оқу курстарының санын азайтуға, оқытудың әртүрлі әдістерін (атап айтқанда, модульдік) көбейтуге бағытталған. Сонымен қатар оқытуды неғұрлым қолайлы (икемді) етуге (мысалы толық емес жұмыс күні әдісімен оқыту) және білім беруді «виртуалдандырудың» белгілі бір дәрежесін қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру мен оқытудың басқа да жана түрлеріне бейімделген.
2. Сапаны қамтамасыз ету – бұл ұсынылған білім беру бағдарламаларының көбеюіне қарамастан, белгілі бір стандарттағы аккредиттеу жоғары білімнің кепілі. Жоғары білім берудің үрдістері (бағалау) мен бәсекелестік ұстанымдар (белгілі бір қалыпқа келтіру) бағаланады.
3. Интернационалдандыру стратегиялары дәрежелердің/ сертификаттардың үйлесімділігіне, білім берудегі жетістіктерді (ECTS) көрсете алу мүмкіндігіне, сондай-ақ институттардың да, түлектердің де халықаралық дәрежеде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасын интернационалдандыруға бағытталған.
4. Дәстүрлі білім беру тарихының аясына енбейтін білім беру үрдісіндегі үздіксіз білім беру кезінде жоғары білім беруден, сондай-ақ бейресми оқытудан тыс қол жетерліктей білім беру жетістіктерінен тұратын презентациялар мен сертификаттаудың жаңа жүйелері қажет. Университеттер негізгі білім беру бағдарламасына қосымша онтайлы үздіксіз білім беруді қарастыруы керек.

Білім беру бағдарламаларын қайта қарауда еңбек нарығын зерттеу арқылы анықталатын сұрақтар

1. Оқытып жатқан мамандығыңызды мысалға ала отырып, маман даярлап жатқан салаға Төртінші өнеркәсіптік төңкерістің әсерін қарастырыңыз. Бұл қолданылып жатқан технологияларға, осы салада қолданылатын білім мен дағдылардың жиынтығына қалай әсер етті? Білім беру бағдарламаларына қандай өзгерістер енгізуді ұсынар едіңіз? Дәлел келтіріңіз.
2. Сіз маман даярлап жатқан саланың жұмыс берушілері қажетті білім мен дағдылардың орын алған жетіспеушілігін қалай шешуде? Оларды нақты жағдайлар арқылы қарастырыңыз.
3. Бағдарламаларда қарым-қатынасқа бейімділікті, икемділікті, креативтілікті дамытуды ескеру қаншалықты маңызды? «Knowmads» тұжырымдамасын мысалға ала отырып, дәлелдеріңізді ұсыныңыз. («Knowmad (ақыл-ойдың көшпелі жұмысшысы) – кез келген адаммен кез келген уақытта және кез келген жерде жұмыс істей алатын, ойша мықты көз алдына елестеу қабілетіне ие шығармашылық тұлға»).
4. Индустриясында білім мен дағдылар «тез ескіреді» деген тұжырыммен қаншалықты келісетініңізді, өзіңіздің келісім пікіріңізді дәлелдеңіз.
5. Болашақтың еңбек нарығында ғұмыр бойы білім алуы нығайтуды қамтамасыз ететін «сирек» жұмыс күшіне нақты сұраныс қалыптасады. Университет дипломдары мен дәрежелері бар, бірақ тұрақты түрде білімін жаңартып отыруға, қосымша білім алуға мұқтаж адамдар үшін не ұсына алады?
6. Сіз маман даярлап жатқан салаға жұмыс орнын, жұмыс тәртібін өзгерту, стандартсыз жұмыс түрлері сияқты үрдістер қалай әсер етеді?
7. Сіздің ойыңызша болашақтың еңбек нарығына дайындық саласындағы теңсіздіктер мәселесін шешу үшін жаһандық, өңірлік, мемлекеттік деңгейде, жергілікті қоғамдастық пен жеке тұлға деңгейінде қандай шешімдер қабылдау қажет?

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі:

1. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АҚ жетекшілігімен нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады:
 - а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет;
 - б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит).

- 2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі:
а) өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма;
б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

Еңбек саласын зерттеу нәтижелері, білім беру бағдарламаларын интернационалдандырудағы құндылықтар бойынша толық мәліметтер берілді.

Білімгерлердің / түлектердің атрибуттары

Бүгінгі таңда бірнеше қазақстандық жоғары оқу орны өз студенттерінен күтетін жалпылама құзыреттердің таңдаулы жиынтығын білімгерлердің/түлектердің атрибуттарын жариялап, анықтағанын айта кету керек. Мысалы Назарбаев Университеті барлық мектептер мен университеттердің білім беру бағдарламалары үшін негізгі дағды ретінде мынадай 10 құзыретті айқындады:

- 1) коммуникация;
- 2) әлеуметтік дағдылар;
- 3) шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік;
- 4) этика және адалдық;
- 5) аналитикалық және сыни ойлау;
- 6) көшбасшылық және топтық жұмыс;
- 7) икемділік, бейімделгіштік;
- 8) зерттеу дағдылары;
- 9) цифрлық дағдылар;
- 10) өмір бойы оқу. Білімгерлердің/түлектердің атрибуттары қызу талқыланды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектерінің атрибуттарын Бірігіп жасауымыз қажет!

Шешім №1: Семинар барысында берілген мәліметтер БББ дайындау кезінде ескерілсін (жауапты кафедра меңгерушілері).

АК төрайымы:



Л.Жолымбекова

Хатшы:



С.Дәулетбай